

236-4

Қазақстанның интернеттен толық ажыратылу қаупі жоқ

НҰР-СҰЛТАН. ҚазАқпарат. ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Асхат Оразбек Ресей жаһандық желіден ажыратылғанда бұл жағдай Қазақстандағы интернетке қалай әсер ететінін айтты. Парламент Мәжілісінде тілшілер вице-министрден Ресейді жаһандық желіден ажыратқан жағдайда бұл мәселе Қазақстанға қалай әсер ететінін сұрады. Бұл көтеріліп отырған сұрақ қауесет болуы мүмкін екеніне тоқталған Асхат Оразбек, Қазақстанда Ресейден бөлек түрлі түйісетін торабы бар екенін жеткізді. «Қазіргі кезде Қазақстанда интернетке қатысты күрделі проблемалар болмайды. Яғни еліміздің интернеттен толықтай ажырап қалу қаупі жоқ. Бұл жайында алаңдаудың реті жоқ десек болады», – деді вице-министр. Сонымен қатар ол байланыс желісі де нашарламайтынын атап өтті. «Қытаймен арадағы тораптар Еуропадан алып отырған трафикті дәл сол көлемде тартуға мүмкіндік береді», – деді А.Оразбек.

1973 жылдың 13 сәуірінен
шыға бастады
mangystaumedia.kz



ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

МАНҒЫСТАУ

Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

№22 (10098) 10 наурыз, бейсенбі, 2022 жыл

Қаңтар оқиғасына қатысты құзырлы органдардың басшылары Мәжіліске шақыртылады

НҰР-СҰЛТАН. ҚазАқпарат. Мәжілістің жалпы отырысында депутат Жанарбек Әшімжан құзырлы органдар «Қаңтар қасіретіне» байланысты қоғам сұрақтарына жауап беруі керек екенін айтты.

«Жыл басындағы еліміздің қоғамдық-саяси өміріне «Қаңтар қасіреті» деген атпен енген тағдырлы кезеңнің орын алғанына көп уақыт өткен жоқ. Әрине, бұл Тәуелсіз

дап шеккен кәсіпкерлермен, әскерилермен кездесті. Қираған ғимараттар мен техникаларды, стратегиялық нысандарды өз көздерімен көрді. «Мен қаңтардың қаралы күндері ең ауыр жағдайларды бастан кешкен Алматы облысы мен Алматы қаласында болып, Мәжіліс депутаты ретінде қалың бұқарамен және істі болып жатқандардың туыстарымен арнайы кездестім. Абақтыда жатқандардың ата-аналарының талаптары бойынша Талдықорған қаласындағы тергеу изоляторында болып, жастармен де жүздесіп, сөйлестім. Себебі – істі болып жатқандардың ата-аналары, туыстары

та шабуды көздегендердің көшіне ілесіп, еліміздегі ірі қалалардағы әкімшілік орындары мен бизнес нысандарына, күштік құрылым ғимараттарына шабуылдағандар кімдер? Жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырғандар, қару ұрлағандар кімдер? Қанша адам жәбірленді? Жапа шеккен кәсіпкерлер мен зәбір көрген азаматтарға толыққанды көмек көрсету үдерісі қашан аяқталады? Арандаған кімдер? Арандаған кімдер? Өртеніп жатқан ғимараттарға бас-сирағын үйтіп жүргендер кімдер? Изоляторлардағы жатқандардың жай-күйі қалай? Олардың құқы қай деңгейде сақталуда? Қылмыстық іс қашан